



Ақмешіт

20 тамыз
сейсенбі
№66 (2076)
2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ:

ЦИФРЛЫ ӘЛЕМДЕ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Кеше өнер орталығында
облыс әкімі Нұрлыбек
Нәлібаевтың қатысуымен
«DIGITAL KAZAKHSTAN:
жаңа замандағы білім беру»
тақырыбында педагогтардың
дәстүрлі тамыз кеңесі өтті.



Жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқаламов, Мәжіліс депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, ҚР Оқу-ағарту министрлігі тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Меруерт Медетбекова, облыстық сот төрағасы мен құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, білім беру ұйымдарының басшылары мен аймақ ұстаздары қатысты.

Тамыз кеңесін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ашып, ұстаздар қауымын жаңа оқу жылымен құттықтады. Жылдағы дәстүр бойынша өздерінізбен тамыз кеңесінде білім саласындағы жетістіктерімізді саралап, алдағы шешілуі тиіс жұмыстарды бірге талқылайтын боламыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында «Әрбір ата-ана саналы

ұрпақ өсіруге баса мән беруге тиіс. Сол сияқты мектеп те – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Осыған орай, балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне бәріміз қоғам болып мән беруіміз керек, сондай-ақ, белсене атсалысуымыз қажет» деген болатын.

2-БЕТТЕ

НОМОФОБИЯ: смартфонға тәуелдісіз бе?



Көпшілігіміз смартфонды қолға алып, әлеуметтік желілерді бірер минутқа шолып шығамыз деп, кенеттен көп уақыт қалай өткенін байқамай қалатынымыз рас. Бұл барлығымыздың басымыздан өткен жайт, себебі әлеуметтік желі бізді өзіне қызықтыра түсетін етіп жасалғаны кездесек емес. Әзірлеушілер қосымшаны қайта-қайта қарау үшін интерфейсін әрбір элементін мұқият ойластырады. Кейде біз посттар, пікірлер мен дүпкі қою уақыт өткізу деп ойлаймыз. Біз мақаланы қараудан бастап, сандық әлемге тереңірек еніп, шексіз жаңалықтар легін қарауға көшетінімізді өзіміз байқамай қаламыз. Виртуалды кеңістікте жылына қанша уақыт өткізетінімізді түсіну қызықты және аздап қорқынышты болуы мүмкін. Әдетте бұл бір жылдың бірнеше айына тең, яғни басқа смарт құрылғыларды қоспағанда, смартфонда өткізген бар уақытты санағанда бір жылдың бірнеше айы тек гаджетпен бірге өтеді деген сөз. Әрбір әлеуметтік желінің түпкі мақсаты – бізді қызықтырып, уақыттың қалай зымнарап өтіп жатқанын байқатпау. Әлеуметтік желі қалауымызды талдап және бізге арнайы бейімделген әртүрлі психологиялық әдістер мен алгоритм-

дерді пайдаланады. Біз әлеуметтік желіге кірген сайын бізді жаңа және қызықты нәрсе күтіп тұрады және сонда ұзақ ұстауға мәжбүр етеді. Бір қызығы, бұл механизмдер туралы біле тұра, біз әлі де соның ықпалындамыз. Әлеуметтік желілер біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне, қарым-қатынас, ақпарат және ойын-сауық орнына айналды десек артық емес. Олар бізге шексіз қызықты болып көрінетін үлкен деректер ағынын береді. Өзімізге шектеу қоя алатын болсақ та, әлеуметтік желілер сияқты күшті құралдың алдында әлсізбіз. 2024 жылы әлемдегі әрбір интернет қолданушысы орташа есеппен күн сайын желіде 6 сағат 35 минут уақытын жұмсайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2 минутқа аз екен.

Номофобия (no mobile phone phobia) немесе ұялы телефонсыз қалу қорқынышы қазірде көпшілікте жиі кездеседі. Бұл термин ағылшын тілінен аударғанда «ұялы телефоннан фобия жоқ» деген сөзден шыққан және адамның мобильді құрылғыға қол жеткізу мүмкіндігін жоғалтқан кезде пайда болатын үрей немесе дүрбелең сезімін сипаттайды.

2-БЕТТЕ

Кей ата-ана баласының ақыл-есінің дамуындағы өзгеріске мән бермейді. Жасына сай құбылыс немесе жүре дұрысталады деген салғыртқыпен уақыт өткізіп алатыны қаншама. Кейін «балам есімін атап шақырса, қарамайды», «қолынан қалтафонды алсақ, жылайды» деген өкінішті көп естиміз. Оған XXI ғасырдың «пандемиясына» айналған цифрлық аутизм деген дерт қосылды.

Ғалымдар компьютер, гаджетте тәулігіне 4 сағаттан артық отыратын балада аутизмге ұқсас белгілер пайда болады деген пікірде. Бала сойлесу кезінде планшетті іздеп, теледидар көріп отырып тамақ ішкісі келсе, ұйықтар алдында телефонды жиі пайдаланса, бұл әдеттен қорқу қажет екен. Себебі бала планшет арқылы ғана әлемді қабылдап, ата-ана балалармен шынайы өмірде қарым-қатынас жасай алмай қалады. Мұндай балалар жанындағы адамдардан эмоционалды жағынан алшақтай бастайды, айналасына мән бермейді. Қарым-қатынаста көптеген түсініспеушіліктер болып, сабағы нашарлауы мүмкін. Бұл көзге түсетін дүние. Мысалы, адамдар кездесу барысында көп сойлесе алмай, бірден телефонға телміреді. Неврологтар да бұл қорытындыдан әрі аспай отыр.

ЦИФРЛЫ АУТИЗМ: АУРУ МА, ӘДЕТ ПЕ?



ДӘЛЕЛ, ДАМУ, ДАБЫЛ

Аутизм мидың бұзылуынан пайда болатыны білеміз. Өткен ғасырдан бері зерттеліп келе жатқан аурудың бүгінде 98 түрі бар. Алайда аутизм мен цифрлық аутизм терминдерінің мән-мағынасы мүлдем бір-біріне ұқсамайды. Алдымен осы екі ұғымның ара-жігін ажыратып алайық.

Аутизм баланың бойында туа бітті болса, цифрлық аутизм сыртқы факторлардың нәтижесінде жүре пайда болады. Соңғы өзгерісте баланың әлеуметтік коммуникациясы бұзылып,

сойлеу қабілетінің жетілмей, мінез-құлқы бұзылады. Бұл ауруға шалдыққандардың ішкі жандүниесі де, ойлау қабілеті де қарапайым адамға ұқсай бермейді.

2008 жылы батыс елдері құбылысты алғаш болып таныған болатын. Зерттеу де жүргізілді. Жақында француз дәрігерлері бір ай бойы гаджеттерден бас тартқан кейбір балалар аутизм белгілерінен айыққанын анықтады. АҚШ-тың Педиатрия академиясы екі жасқа толмаған балаларды гаджеттерге тіпті жолатпауға, одан үлкендерін екі сағатпен шектеуге ұқсау берді. Ресейлік психотерапевтер де виртуалды кеңістікте өмір сүретін балаларда «цифрлық аутизм» пайда болатынын анықтаған.

2-БЕТТЕ

ТАМЫЗ КЕҢЕСІНЕН:

МҮҒАЛІМДІ ҚОЛДАУ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

«Мұғалімдерді әлеуметтік көтермелеу мәселесі назардан тыс қалмайды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздарына бірреттік қаржылай сыйақы тағайындады. Балалардың ұстаздарын да моральдық, материалдық тұрғыдан ынталандырды. Біз де өз тарапымыздан дарынды балаларды қолдауды лайықты деңгейде жалғастырамыз.

Өңіріміз соңғы төрт жылда ҰБТ-ның орташа балл көрсеткішімен республикада алғашқы үштікте болған. Быыл жиырма өңірдің ішінен оза шауып, бірінші орынға шықты.

Бұл – аймақ ұстаздары мен түлектердің күн-түн демей, аябай еткен еңбегінің нәтижесінде қол жеткізген жетістігі. Алдағы жылдары да бағындырған межеден түспеу үшін нақты жұмыстар жалғасын табады.

Осы сәтті пайдаланып, барша Сыр ұстаздарына шынайы алғысымды білдіргім келеді. Педагог мәртебесін жоғарылату және шығармашыл мұғалімдерді қолдау бағытында бірқатар шара атқарылды. «Үздік педагог» республикалық конкурсынан 2023 жылы 5 педагог жеңімпаз атанып, әрқайсысы 3 млн теңге көлемінде грант иеленсе, жыл қорытындысымен 5 «Үздік педагогке» 1 млн теңге көлемінде бірреттік сыйақы берілді. Облыстық білім басқармасына экономика және қаржы басқармасымен бірлесіп, дарынды шәкірттер мен олардың ұстаздарын қаржылай қолдауды жалғастыру үшін тиісті ұсыныс енгізуді тапсырамын», – деді Н.Нәлібаев.

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ҚОҒАМ БОЛЫП ЖҰМЫЛУ ҚАЖЕТ

«Түрлі әлеуметтік санаттағы отбасылардан шыққан балаларды қолдау мақсатында пәрменді шаралар қабылданды. Жетім және ата-анасыз қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін өткен жылы 100 пәтер, биылғы бірінші жартыжылдықта 127 пәтер берілді.

Оларды әлеуметтік қолдау жалғасын табады. Биыл жергілікті бюджеттен жалпыға міндетті оқу қорына 5,2 млрд теңге бөлінді, 87 331 оқушыны ыстық тамақпен қамтамасыз етуге бюджеттен 9 млрд теңге қаржы қаралды (52 264 бастауыш сынып). Бұның барлығы – саламатты, білімді ұрпақ тәрбиелеуге көрсетілген мемлекет қолдауы.

Педагог қауымы өздеріне жүктелген мәртебелі міндетті абыроймен алып жүруі керек. Білім беру саласына қойылатын негізгі 2 ғана талап пен міндет бар. Оның бірі – сапалы білім беру, екіншісі – саналы тәрбие беру. Балаларымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәлімі мен тәрбиесін ұштау басты бағытымыз болуы тиіс.

Мектеп – оқушы – ата-ана ұштағаны үйлесімділікте жұмыс жасауы қажет. Қазір жастар мен жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылық, құқық бұзушылық, қылмыс, суицид, кибербуллинг, топтық төбелес, тағы басқа да келенсіз жағдайлар жиі кездесуде. Біз өз тарапымыздан кәметеліке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бағытында шаралар қабылдап келеміз», – деді аймақ басшысы.



БҰЛ ЖӘРМЕҢКЕНІҢ ЖӨНІ БӨЛЕК...

Тамыз – мектепке дайындық айы. Үш ай жаз демалған бала да, ата-ана да, мұғалім де бүгінде мектепке дайындықты бастап кетті.

Дайындық жайын базардағы баға шешетіні белгілі. Базардағылар да мектепке дайындық науқанына білек сыбана кірісетіні белгілі. Базар бағасы қайта-қайта талқыланып, бағасы арзан, сапалы дүние алғысы келетін ата-ана базар нарқына алаңдайтыны белгілі. Бір үйден бірнеше бала мектепке барар болса, отбасы бюджетіне әжептәуір салмақ болатыны белгілі. Айта кетелік, биыл облыс орталығында 1 тамыздан бастап «Мектепке жо!» республикалық акциясы аясында жергілікті тауар өндірушілердің қатысуымен мектеп жәрмеңкелері өтуде.

Жәрмеңкеде мектеп тауарлары мен оқу құралдары, сондай-ақ жергілікті тауар өндірушілердің мектеп оқушыларына арналған киім-кешектері нарықтағы бағадан төмен ұсынылууда. Бұл да болса, көпбалалы отбасы үшін көмек екені даусыз. Мектеп дайындығы, базар бағасы, жәрмеңке жәрдемі туралы алдағы уақытта жазамыз.



ТІЛ ЖАНАШЫРЫ

– Қурметті қунақтар! – деп бастады әңгімесін Астанадан келген тіл жанашыры. – Қазақ тылы біз ушун атамыздың сүтімен, анамыздың қанымен келген жақсы нәрсе. Қалай айтсам болады? – деп өзімен бірге келген хатшысына қинала қарады.

Әлгі сыпылдап, сыбырлай жөнеліп еді, онысын жөнді естімеді-ау деймін, «Құндалақ» деді де, бір жөткірініп алды. Осылайша, қонақтарға да, құндылыққа да ерекше айдар тағып, атау берген астаналық жанашыр әрі қарайғы сөзін орыс тілінде жалғалды.

Естіген құлақтың өзі әбден қиналды. Көз жарықтық, әлсін-әлсін жұмылды. Жүрек дегенің көтеріліп, мұндай дарақылықты көрмеген оның тіпті өмір сүруге де ынта-ықыласы жоқ еді...

Сөз соңында «спасибо» мен рақметті қатар айтқан әлгі жылпос сол мінберден түскен бетте-ақ табанын жалтыратып, тайып тұрды. Ал халықтан тақты да жейтін, сөзді де еститін бір-ақ сорлы бар. Ол – ауыл әкімі.

– Қонақ, – деді ауыл ақсақалы Әбдіраш. – Бізді не мына сайқымазақты тыңдауға шақырдың ба? Қонақ едік, кімге айналдық?! Атана нәлеттің атасының сүті бар екен, анасының қанымен келіпті бұл тіл.

– Ақсақал, айыпқа бұйырмаңыз, аудан жақтың тапсырмасы. Осылай облыстың барлық ауылын аралап, халықпен жүздеседі екен. Бәрімізге берілген тапсырма ғой, – деген ауыл әкімі ақсақалды әрі қарайғы арнайы ас-ауқат дайындалған бөлмеге алып кетті.

– Тифу, – деді Айболған жерге түкіріп. – Біз осы бір дерттен арыла алмай келеміз. Ұлттық мәселенің бұрмаланғанын шай үстінде шешуге кетті. Мынауың енді таза сорлық.

Дәл осы сөзін күтіп тұрғандай бұғалтыр Қаржыбек қолындағы папканың арасынан бір конвертті Айболғанның төс қалтасына сүңгітіп жіберді де:

– Айеке, айып етпеңіз. Мына кәстөміңізді қағып жіберіп жатыр ем, – деді де құйрығын бұлғандатқан түлкідей тайып тұрды.

Мұны көзі көріп, құлағы естіген Тандырбай да екпінді дауыспен Қаржыбекке ұн қатып, тоқтатып алды.

– Әй, Қаржыбек, кешегі айда түскен жаңа келіннің жұмыс жайын білейін деп едім. Сендер алаңсыз созбалаңға салдыңдар ғой, – деді.

Ауылдың бүкіл мәселесін бес саусағындай біліп әрі шешіп жүруге шеберлігімен танылған Қаржыбекке ол да сөз болып па:

– Мектеп директорына айттым. Ертең жұмысқа кірісе берсе болады, – деді.

Сырттай қарап тұрған Қалмырза «Жарықтық, тіл білмейтін топастардың да елге пайдасы бар екен ғой. Ақсақалға ас берді, Айболғанның қалтасын кампитты. Ал келіннің жұмысқа алатын таныс таппай жүрген Тандырбайдың да жолы болып кетті. Ей, шіркін», – деді күбірлеп...

Аян СПАНДИЯР



«Болыс болдым, мінеки, Бар малымды шығындап». Енді сыртта қалдым ғой, Жылқыдайын шыбындап. Ау, ағалар, біз жаққа, Қашан мойын бұрылмақ?! Мырқымбай енді бұйыртса, Келер сайлауға ұрынбақ. Білесіз бе, Атак пен мансап, қызмет те, Айықпайтын дерт екен. Биікке қарай бергің келеді, Шыққан соң төменге қарайсың, Өзінді биік санайсың. Қара орман халықты, Бір шыбықпен айдайсың... Ел алдына шыққанда, Ертегі айтып, сайрайсың. Е-е-е, оныңыз оңай екен, – Былай, қалай екен? – Мен саған ертегі айтып берейін, Сосын жұмысыма қайтып келейін...

– Балам, кітап оқы, Көңіліңе тоқы. Бәлкім, әкім боларсың, Мүмкін, ақын боларсың, Егер кітап оқысаң, Тұғырға биік қонарсың, – деді атақты ақын, Нық басып тақым. Бірақ осы баласы, Әкімдікке жақын. Арада біраз жыл өтті, Әкесін бала жүдетті. Кітапты шаңға бөктіріп, Смартфон қарауды үдетті. Ал әкесі ақырын, Баласын жіті күзетті. – Әке, кітап дегенді, Газет дегенді, Кедейлер ғана оқиды, Көңілдеріне тоқиды. Ал мен дамып кеттім, – деп баласы коқиды. Ал атақты ақын болса, Баласынан шошиды.

Арада жылдар сырғыды, Қарны – қабақ, Беті – табақ, Шенеуікке айналды. Енді нені аламын деп, Тоймай, қатты ойланды.

– Болат кайнауда, жігіт майданда шынығады... – Ал депутат ше?.. – Ол сайлауда шынығады... – Хех, сен де қатырасың?! – Қатырсаң да, Сайлауға төрт рет шақырсаң да – осы, Сен бе едің, депутаттың досы?! – Жә-жә, неге өкпелейсің? – Өкпелейтін несі бар, Сайлауға дейін жолды тас қылатын болды, Ауызсуы – зәмзәм, ішсең мас қылатын болды. – Қазір ше? – Әй, бүйрекке барған лас су, тас қылатын болды. – Бірақ жолы керемет! – Қойшы, кеше ой-шұқыры көп еді... – Иә, рас, үйге келгенде жақсы болдым, Жолда қарным тоқ еді... – Оның денсаулыққа пайдалы десенші,

– Балам, өзінің ойың болсын, Қарында тойым болсын. Мұның жарамайды, Ертең бір жағдай болса, Ол көкең қарамайды, – деді әкесі қайғырып.

Мырқымбай пысырмады, Түзелуді іс қылмады. Ағасы төсек тартса да, Ағайын бір тіл қатса да, Жағдайын сұрамады.



Ал кейін ісі тұралады. Әкім көкесі ауырып қапты, Жүрегі қатты соғыпты. Алып-ұшып барды оған, Айырылып қалам деп қорықты.

Бірде қызық болды, Мырқымбайың бұзық болды. Әкім орнынан тайып еді, Көңілді уайым шайып еді, Келесі келген әкімге әдемлеп кірді. «Бұрын құрту керек еді, Айласын асырып бақты, Өтірік мақтап, Арқадан қақты. Сіз келгеніңіз қандай жақсы, Қолыңызды сүйейін,

Әрбір жоспар өзі үшін, Ел үшін жоспар құрмайды. Осындай әрекеттерде Мырқымбай бір тынбайды. Әкім тағы ауысты, Ал Мырқымбай ауышты. Кімнің қолын сүйеді, Кімге жұлдырлық түйеді, Амалдың бәрін тауысты. Сырын білген жаңа әкім, Қырқып тастады қанатын. Мырқымбай зар иледі, Қалмады жері баратын. «Енді қашан болады, Мені тартатын жаңа әкім», – деді-дағы әкесінен ақыл сұрады, Өмірлік азық – нақыл сұрады. Әрбір бастамасына, Келісетін мақұл сұрады. – Балам, – деді... Сендейлер кеткен соң, Мендейлер келеді. Мендейлер кеткен соң, Сендейлер келеді. Біліп қой, балам, ақылға ал, Кітап оқитын «кедейлер» келеді...



Сеніміңізге кірейін», – деді-дағы жақсы көзге көрінді. Өмір деген бір орнында тұрмайды, Қу-пысықтар үкіметтен ұрлайды.

Данғыл салды жолына. «Еңбегім сізге, елім» деді Бақшаға жер тегін берді. Арада ай өткен соң, «Ау ағайын, келін» деді. Сөйтпін, шетінен кәсіпкер етіп тіркелді, Сол үшін алды жүлдені. Ал халықты салыққа, Шетінен қарыз қылды. Елдің айтқан ақылын, «Мынауын арыз» қылды. Бас көтергенді сындырды, Әкесін қатты күйдірді. Елім деген әкесі, Үйінен шыға алмай қалды. Елдің алдында еңсесін тіктеп, Тұра алмай қалды. – Енді сол әкім қайда екен? – Онысын білмедім, әнеуегүні барғанымда Өзі қалың ойда екен... Барар жер, басар тауы қалмапты, Кезінде биік самғапты.



Басына тисе, сабақ ал, Айналага бір қарап ал. Содан бастап, айналага қарады, Қара халық екен ғой сол баяғы... Бір ауылдың тізгінін ап қолына,

– Сонда қазір де тәуір ме? Жо-жоқ, оның несібін сұрайсың, – Қазір түгі қалмапты... – Е-е-е...

ҚОШҚАРБАЙ

БҮГІНГІ ӨМІР...

– Көлік емес, жорға мініп, айдалы десенші... – Көзбен көргің келе ме, келсенші. Қазір бақшада ағашпен сөйлесемін – Ойбай, не дейді? Ағашқа тіл бітпін пе?! – Бітпегенде қайтсін?! Шенеуікке қызмет, оған жан керек. «Су берші» деп жалынып тұр ақ терек. – Басшыларға барамын, Көйлегін жамап беремін. Жамау жолмен жүрер болсақ, Жамау шапан кісін, Оған не дейсің?! – Сендерде өзі не бар? – Ой бізде бәрі бар. Қағаз бәрін көтереді, Онда талай зауыттың Саны да бар, нәрі бар. Онда жұмыс істейтін, Жасы да бар, кәрі бар. – Адамдар бар ма өмірде,

Сұрақ қалмасын көңілде. – Басшылардың туыстары, Бағынатын әмірге, Сонда істейді, Көз жұмады бәріне. Өйткені тегін айлықты, Алмай қалса, қаймықты. Сонда жұмысқа тұрғызар, Диірмені күшті, әр мықты. – Онда біткен екенсіңдер! – Біткені несі, Сендер жайлы өмірді күткен екенсіңдер. Президент біздің көшемен өтсе екен, Мәселеміз соған жетсе екен. – Ай, қайдам, жетпейді. Олар жақсы жермен жүреді, Ой-шұқырмен өтпейді. – Енді не істейміз? – Әкемнің бір сөзі бар еді... Иығыңда – кетпен, Осы кеткенің – кеткен... – Ііііі...

МЫРҚЫМБАЙ



Меншік несі: **СЫР МЕДИА** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор **Марат АРАЛБАЕВ** Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор **Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА**

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021) **Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Алтасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несібін жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. **Таралымы 3514 Тапсырмасы №1302**